

Ұзынкөл ауылының тарихы.

Ұзынкөл совхозының орталығы орналасқан жерде бұрынғы атауы «Қосай» атты көлтабан бар. Осы Қосайда 1926 жылы оншақты үйден екі серіктестік құрылды. Олардың бірі «Ленин жолы» колхозы, екіншісі «Ұмтыл» деп аталынды. Серіктестіктерге Тайыр Шукеев және Сейткали Әжіғалиев деген азаматтар басшылық жасады. Серіктестік мүшелерінің бәрі сауатсыз болған. 1928 жылы екі серіктестіктен «Ленин жолы» атты артел құрылды. Басқармасы болып Тайыр Шукеев тағайындалды. 1936-1938 жылдары аралығында Ұзынкөл ауылдық округінің территориясында «Жаңа тұрмыс», «Киров», «Еңбекші», «Крупская», «Жаңа өрнек», «Ленин жолы» колхоздары құрылып орналасқан. 1950-1951 жылдары бұл колхоздар біріктіріліп Ленин атындағы колхоз атанды.

1963 жылдың ақпан айында Жәнібек совхозының бөлімшесі болды. 1965 жылдың шілде айында «Ұзынкөл» совхозы атанып өз алдына жеке шаруашылық ретінде танылды. Шаруашылықтың үш бөлімшесі бар. Алғашқыда совхоздың жер көлемі 113157 гектар болды. Оның 7324 гектары жыртылған, 16646 гектары шабындық, 85031 гектары жайылымдық жерлер болып есептелінді. Халық саны 1731 адам болды.

Совхоздың алғашқы күндерінде небәрі 22 трактор (оның 8-і шынжыр табанды), астық оратын 4 комбайн болған болса, 1980 жылы тракторлар 79-ға жеткен. Оның 15-і қуатты «К-700» маркалы тракторлар. Шаруашылық есебінде 1356 бас мүйізді ірі қара, 180 бас жылқы, 19551 бас қой, 23 бас түйе болды. Штаттық кесте бойынша совхозда 434 адам болған одан 368-і жұмыс істеген. Ал 1990 жылы совхоздың штаттық қызметкерлері 587 жетіп, соның 524-і тікелей шаруашылық өндірісіне қатысқан.

Өткен ширек ғасыр ішінде совхоздың экономикасы дамып, шаруашылықты жүргізудің жаңа әдістері - шаруашылық есеп, еңбекті ұйымдастырудың жаңа формалары - коллективтік медгерлік еңгізілді. Совхоз коллективі 1989 жылдан бастап өзін-өзі қаржыландыруға көшіп, жұмыс жасады. Халықтың әл-ауқаты жақсарды. Халық ағарту, мәдени қызмет көрсету салаларының ісі алға басты. Осының бәрі белгілі бір дәрежеде совхоздың экономикалық көрсеткіштеріне ықпал етті. Соңғы екі жылда совхоздың ауыл шаруашылығы өнімдері көлемінің өсу қарқыны арта түсті. Совхозда 1380 бас ірі қара, 18175 бас қой, 223 бас жылқы, 2437 гектар егіс алқабы, 40 түрлі маркалы трактор, 6 комбайн, 2101 шаршы метр тұрғын үй, 1 миллион сомның негізгі қоры болды. Совхоз еңбеккерлері өзіндік жетістіктерімен алда. 10.251 жердің егіс алқабы орылып, дәнді-дақылдардың әр гектарынан орта есеппен 14,3 центнер өнім алынып, мемлекетке 76583 центнер астық тапсырған. Мал шаруашылығында да табыстар бар. Әр жүз аналықтан 94 бұзау, 92 қозы, 88 құлын алынған. Тоғыз айда мемлекетке 3966 центнер ет, 683 центнер сүт, таза талшыққа айналдырғанда 499 центнер жүн өткізілген. Совхозда жоспарлы ет пен сүтті дайындауға мамандандырылған, №2-ші Еңбекші фермасы аудандағы озат ұжымның қатарында саналып, ауыспалы қызыл туларға вымпелдерге ие болып, құрмет тақтасына жазылған. Совхоз өміріндегі елеулі өзгерістердің барлығыда бірнеше ұрпақтың іс қимылының жемісі екенің, олардың өздерінің қарапайым үлес қосып келгенін айтуға болады. Олардың қатарында аға

шопандар Куанышкалиев Ниеткали, Куанышкалиев Өтеген, Хамзин Мұфтолла, Хабиев Мәди, Жұмалиев Сыдих, Елеуова Ұлболсын, Неғметов Жұмабай, Сұлтанов Қабдір, аға малшылар Сисенғалиев Бақтығали, Ақбейсов Бисенғали, Бірманов Исмайыл, Ғұбашев Ерназар, Бірманов Рамазан, Мұсағалиев Мұханбет, Сүюналиев Қалығали, механизаторлар Нұрғалиев Халиолла, Рахимов Исатай, Хайыров Сатыбалды, Сармаев Бақтығали, Гатауов Тулеген, Терлятов Нарынбек, Мансуров Шалабай, Сарсеков Уалиолла, Нсанбаев Мамбет, Шигаев Өтеғали, Шоманов Закария, Чуриң Әлібек, автомобиль жүргізушілері Ғаниев Данияр, Ниетов Берік, Үмбеталиев Айболат, Ниетов Самиғолла, Рахматуллин Жансерік, тағы да басқалардың есімдерін құрметпен атауға болады. Бүгінгі күні тұрғын үй құрылысын шешу іскерлікпен қолға алынып, тұрғын үй құрылысының қарқыны жедел жүргізілген. 1989 жылы 1025 шаршы метр немесе 14 тұрғын үй пайдалануға берілген. Сол жылдың тоғыз айында 1025 шаршы метрдің немесе 11 үйдің құрылыс жұмыстары басталып, осы мерзім ішінде 423 шаршы метр немесе 6 үй пайдалануға берілген. Халық ағарту саласында да біркелкі өзгерістер жасалынған, алғашқы совхоз құрылған жылы екі бастауыш мектеп болған болса, 1990 жылы бір орта бір бастауыш мектеп, бір мектеп–бақша жұмыс жасаған. Оларда 327 жас жеткіншектер оқып тәрбиеленген, 33 жоғары арнаулы білімді ұстаздар еңбек етті. Совхозда бұдан басқа бір жаңа типті үлгідегі 90 орындық балалар бақшасы жұмыс жасаған. Жас жеткіншектерге тәлім–тәрбие беруде. Алғашқы кезеңде ұстаздар Телағысов Қадырбай, Ақтаев Қуанғали, Сапашев Ғаллем, Молдашев Төлеу, Неғметова Қанымзия, Мұқанова Күлмәй, Шарифуллина Роза, Бузекеева Меңдіғаным, Жалбурова Зейнеп және басқалар зор еңбек сіңірді. Совхозда еңбекшілерге тәрбие беруде оларға қызмет көрсетуде жаңа типтік үлгідегі мәдениет үйі, екі клуб, үш кітапхана, үш тұрақты бір жылжымалы кино қондырғылар, үш фельдшерлік–акушерлік пункт жұмыс жасаған. Совхозда бұдан басқа тұрмыстық қызмет көрсету комбинатының филиалы, байланыс бөлімшесі, автоматты телефон станциясы болған. Оларда 20 адам қызмет жасаған. Сауда саласында 5 дүкен, 1 автодүкен халыққа қызмет көрсеткен.

Совхоз бастауыш партия ұйымының есебінде 120 партия мүшесі болған. Совхоз бастауыш партия ұйымы 6 цехтық партия ұйымын біріктіріп отырған. Партия мүшелерінің 80 проценті ауыл шаруашылығының әр түрлі салаларында еңбек еткен. Совхоз кәсіподақ, комсомол ұйымдарының өміріде шаруашылық өмірімен тығыз байланысты. 6 цехтық кәсіподақ ұйымында 544 кәсіподақ мүшелері есепте тұрған. 6 цехтық комсомол ұйымында 150 комсомол мүшесі болған. Қой шаруашылығы екінші тың атты ұранмен комсомолдар тобы «Алты кашар» деген жерде қой өсіруші комсомол жастар бригадасы құрылды. Жастардың еңбек етуіне қажетті жағдай жасалып, бос уақытында «Қызыл бұрыш» бөлмесінде демалып кітап оқып, шахмат дойбы ойнаған. Комсомол жастар бригадасының жетекші болып Бұрхан Өтеғалиев тағайындалып қызмет еткен. Совхоз шаруашылығының қысқаша тарихы осындай.

Ұзынкөл ауылының қазіргі келбеті.

Округтің жалпы жер көлемі 111530 гектарды құрайды. Елді мекендерге қарасты жер көлемдері Ұзынкөл елді мекені бойынша 7693 га, Еңбекші елді мекені

бойынша 1742 га. Есептегі 49 шаруа қожалықтарының жалпы жер көлемі 64089 гектарды құрайды. Мемлекеттік жер қоры 38006 гектар.

Ауылдық округтің құрамына Ұзынкөл, Еңбекші елді-мекендерімен қатар «Апакаш», «Сабила», «Кондевин», «Мыңжас», «Мұратсай», «Абдолла», «Азамат», «Нұрберген», «Тәни», «Алтыкашар», «Бірінші», «Орашаем», «Баймұрат», «Ғұбаш», «Бруцеллез», «Инженер», «Орлы», «Алихан», «Аманқос» мал қыстақтары кіреді.

Демография, денсаулық сақтау саласы

2009 жылы Дәрігелік амбулаториясының ашылу рәсіміне Өтешев Рыспай Құрманұлы қатысты.

2015 жылдың 1 қаңтарына ауылдық округ бойынша халық саны – 1107 адамды құрады. Соның ішінде 570 ер адам, 537 әйел, отбасылар саны 239, аула саны 203, аула саны 208 жетті.

Ұзынкөлде қазіргі заман талабына сай аусымында 35 адамды қабылдайтын дәрігерлік амбулатория, Штаттық құрамы 4 медбике, 1 санитар, 1 автокөлік жүргізуші және 1 оператор қызмет көрсетеді,

Білім саласы

Жалпы білім беретін орта мектеп және Еңбекшіде бастауыш мектеп жұмыс жасауда.

Жалпы білім беретін Ұзынкөл орта мектепте 130 оқушы, Еңбекші елді мекеніндегі бастауыш мектепте 8 оқушы білімдерін алуда. Мектеп компьютерлендірілген, интернет жүйесіне қосылған. Физика, химия, биология кабинеттері құралдармен жабдықталған.

ҰБТ біздің жұмысымыздың басты көрсеткіші. Сондықтан бұл жұмысқа жауапкершілікпен қарап, дайындықты жақсартып, оқушыларға психологиялық қолдау көрсетіп, жоғарғы ұпай жинау үшін барлық жағдайды жасау міндетіміз. «ҰБТ-ны ұйымдастыру және өткізу нұсқаулығымен» сынып оқушыларына түсіндіріліп, практикалық сабақ өткізілді.

Оқушылардың ҰБТ-да жоғарғы ұпай жинау біріншіден біліміне, екіншіден тест тапсыру тәсілдерін меңгеруіне байланысты екені белгілі. ҰБТ тапсыруға бөлінген астрономиялық сағатты оқушы тиімді пайдалануға жұмыстар жүргізілді. Ұжымда терең білімді, үнемі ізденіс үстінде жүретін, шығармашылықпен жұмыс істейтін алдыңғы қатарлы тәжірибелі ұстаздарда аз емес. Осындай мұғалімдердің еңбегінің нәтижесінде ҰБТ-ке жүйелі дайындық жүргізудің негізінде 6 маусым күні ЖББ Ұзынкөл орта мектебінен ҰБТ сынағына мектеп түлектері түгелдей қатысып, 1 оқушымыз М.Мұхамбетова «Алтын белгіні» қорғап мектебіміздің, ауданымыздың мақтанышы бола білді.

Мектепке дейінгі мекеме

Қазіргі уақытта Ұзынкөл балабақшасыда 50 бүлдіршін тәрбиеленуде. Жергілікті бюджет қаражаты есебінен аз қамтылған отбасылардың балалары үшін шағын орталық қызмет жасайды. Орталықта 20, естиярлар тобында 15, кіші топта 15 бүлдіршіндер тәрбиеленуде. Балалардың тамағы жергілікті бюджет және ата-

аналар жарнасы есебінен қаржыландырылады. Аудандық білім бөлімінің бекітілген штат кестесі бойынша балабақшада 20 қызметкерлер жұмыс істейді. Соның ішінде 6-ы педагог мамандарымен тәрбиешілер.

Мәдениет және спорт саласы

Типтік жобадағы мәдениет үйі 1990 жылы пайдаланылуға берілді. Мәдениет үйінің жалпы көлемі 5370 ш.м, орнатылған орындықтардың саны-250. Ауылдық кітапхана оқырмандар бөлмесінің орындық саны-30. Еңбекші кітапханасында 12 орындық. Кітап қоры-19583 дана. Мәдени саласында бір мәдениет үйінің директоры, Ұзынкөлде бір кітапхана меңгерушісі және Еңбекшіде бір кітапханашы жұмыстарын атқаруда.

1 техникалық қызметкер және қысқы мезгіл кезінде 3 оператор жұмысқа алынады.

Ауыз сумен қамту.

2014 жыл ұзынкөлдіктер үшін ерекше жыл болып өтті. Себебі желтоқсан айында Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың саликалы саясатының арқасында елді мекендерді ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында қолға алынған «Ақбұлақ» бағдарламасы бойынша Ұзынкөл ауылының 158 үйіне ауыз су кіргізіліп, пайдалануға берілді. Бұрын құдықтардан тасып, ауыз су тапшылығын көріп отырған ауылымыз қазіргі таңда осы бағдарламаның игілігін көруде.

Электр және табиғи газбен қамтылуы.

Округ бойынша елді - мекендердегі тұрғын үйлер электр жарығымен қамтылған. Электр жарығын пайдаланып отырған мал қыстақтары «Апакаш», «Инженер» және «Алтыкашар». Ауылдың ішіндегі электр жүйесінің ұзындығы 13 шақырымды құрайды. Электр қамту саласында ауылда 1 қызметкер жұмыс жасайды.

Ауылдық округі әкімі аппаратының елді-мекендерді жарықтандыру бағдарламасына сәйкес ауылдың Мектеп, Телагисов, Қуанышқалиев, Жаңа құрылыс, Достық, Бейбітшілік атындағы көшелер жарықтандырылды.

2010 жылы 26 қаңтарда Ұзынкөл ауылы Табиғи газбен қамту жүйесіне қосылды. Табиғи газдың ашылу рәсіміне БҚО-ның әкімі Бақтықожа Салахадинаұлы Ізмұханбетов қатысты.

Облыс орталығынан «Алау Газ» ЖШС-і тұрғын үйлерін табиғи газге қоспаған ауыл тұрғындарын тұрмыстық газ баллондармен қамтып отыр.

Тұрғын үйлерге табиғи газды жеткізу жұмыстарын «Символ» ЖШС-і (И.Илимисов) атқаруда. Жыл ішінде Ұзынкөл ауылында қосымша 1,5 шақырым болатын газ құбыры тартылды. Табиғи газге қосылған үйлердің саны биыл да Ұзынкөлде 98 үйге, Еңбекші елді мекенінде 12 үйге артты. Елді мекендер бойынша ауыл тұрғындарының көгілдір отынмен қамтылуы 78 пайызды құрады.

Байланыс және пошта саласы.

Ауыл тұрғындарына сыйымдылығы 96 номерлік НС-240 АТС-і қызмет жасайды. Соның 8-і қызметтік, 86-і жеке абоненттік телефондар. Сонымен қатар СДМА-450 телефон станциясынан 76 телефон нүктесі таратылып отыр. Соның

ішінде Ұзынкөл ауылы бойынша 55 жеке тұрғындар, 4-і қызметтік, кітапхана, әкімшілік кеңсесі, Ұзынкөл балабақшасы, Еңбекші елді-мекенінен бастауыш мектеп және де 18 жеке абоненттік телефондар. Байланыс саласында ауылда 1 техникалық қызметкер жұмыс істейді.

Ауылдық “Казпошта” бөлімшесі арқылы округ тұрғындары 2015 жылдың мерзімді баспасөзіне толықтай жазылып шықты.

Жол қатынасы.

Аудан орталығымен қатынайтын 20 шақырым жол 3-категорияға жататын қара гравилі, ал Еңбекші елді-мекенінің 9 шақырымы 3-категориялы қара гравилі жол болып есептеледі. Ауылдың ішіндегі жолдың ұзындығы 5 шақырым, Еңбекшінің 1 шақырымы қатқыл жол болып табылады. Ауылдық округ бойынша 60-тан астам жеңіл автокөліктер бар.

Қоғамдық тәртіп туралы.

Ауылдық округтің тыныштығы мен тәртібін қамтамасыз етуде учаскелік полиция инспекторы қызмет жасауда. Қылмыстың алдын алу, құқық бұзушылықты болдырмау, жасөспірімдер тәрбиесі жөніндегі шараларға ұжымдар, ақсақалдар алқасы, қоғамдық кеңес, округ әкімшілігі өз ықпалдарын жасады.

Ауылдардағы әлеуметтік объектілер.

1. Жалпы білім беретін Ұзынкөл орта мектебі 2005 ж
2. Еңбекші бастауыш мектебі – 1985 ж 1 қыркүйек.
3. Ұзынкөл балабақшасы – 2006 ж
4. Мәдениет үйі (типтік жобада) - 1990 ж
5. Ұзынкөл ауылдық кітапханасы -1990 ж
6. Бөлімше кітапханасы – 1972 ж.
7. Дәрігерлік амбулатория – 2009 ж
8. Ауылдық округ әкімшілігі – 1994 ж.
9. Қазақтелеком бөлімшесі – 1965ж
10. Казпошта бөлімшесі – 1965ж
11. Намазхана - 2010 ж

Жер, су атауларының шығу тарихы

Ұзынкөл – қазіргі орталық қорымнан «Саман сарай» елді мекенінің аралығында үлкен ұзын көл болған екен, соған орайластырып ауыл осылай аталып кеткен.

Мұратсай – ертеде сол жерде еліне қайырымды Мұрат есімді бай өмір сүрген көрінеді. Ол бау-бақша егіп мал ұстаған, жарлы –Жақыбайға көмектескен.

Көк үй – елді мекенінде революцияға дейін, ұзақ жылдар бойы «Коняй» есімді бай адам отырған, алғаш ағаштан үлкен үй салдырып, көк түспен сырлаған, соның үйінің түсіне байланысты солай аталып кеткен.

Кондивин – елді пункті (қазіргі Ниетқали ауылы). Ертеректе осы жерде Крупская колхозының жері болған, бірнеше үйлер болған. 20 ғасырдың бас кезінде Ресей Қазақстанды отарлауды жедел қарқынмен жүргізе бастаған. Осындай саясаттың нәтижесінде алғаш көптеген орыс жанұялары келіп қоныстанған. Сол кезде осы жерде М.Н Кондивин есімді орыс ұзақ жылдар тұрып, бау - бақша салып отырған. Сол кісінің есімімен аталып кеткен. Соңынан ұзақ жылдар Неғмет Куанышкалиев ағамыз осы жерде қоныстанып қолхоз, совхоз қойын бағып тұрған. Қазір балалары, ағайын- тумалары тұрып, жеке шаруамен айналасып мал бағып отыр.

Инженер – елді мекені. Еңбекші бөлімшесіне қарасты Инженер пунктінде соғысқа дейін Москвадан мұнай–газ қорын іздеуші экспедиция жыл сайын келіп, барлау жұмыстарын жүргізіп отырған. Солар «Инженер» деген ат берген. 1941 жылы соғыс басталып экспедиция келуін тоқтатқаннан кейін, ол жерлерде қой фермалары орналасқан.

Абдолла – елді мекені. Бұл жерде Абдолла есімді бай адам тұрған. Бертін колхозшылар кашар салып қой баққан. Осы кісінің есімімен аталып кеткен. Мұратсай бөлімшесіне қарасты ұзақ жылдардан бері Рахматуллин Мұхтар есімді шопан тұрады. Қазір жеке шаруамен балалары айналысады.

Ғұбаш – елді мекенінде Ғұбаш есімді адам сиыр бағып малшы болған. Сол кісінің есімімен аталған. Бұл жерде ұлы Ғұбашев Ерназар көп жыл сиыр бағып, елеулі еңбек етсе, жұбайы Ғұбашева Зауре сауыншы болып, еңбегі бағаланып облыстық депутаттыққа сайланған.

Бруцеллез – елді мекенінде совхоздың ауруға шалдыққан малдары арнайы күтіммен бөлек бағылған. Ертеректе бұл аймақтарда, Бірман есімді ірі бай мекен етіп, жазғы жайлауға айналдырған екен.

Ақшкол – Елді мекенінде 1929-1930 жж. бұл ауылда 4 жылдық үлкен мектеп салынған. Мектеп сырты ақ бормен әктелген, алыстан аппақ болып көрінгендіктен Ақшкол аталып кеткен. Қазір ол жер Еңбекші елді мекені деп аталады.

Сақтапберген – Адам атына байланысты аталған.

Орлы – Сол жердің географиялық белгісін сипаттау мақсатында айтылған.

Алты кашар – Кезінде мал шаруашылығын тиімді ұйымдастыру мақсатында отарларды бір – біріне жақын орналастыру шағын кешендер құру әдісі жүзеге асырған. Осы мақсатта алты кашар деп аталған.

Ауылдық округтегі археологиялық ескерткіштер, тарихи ескерткіштер, монументальдық ескерткіштер.

1. Ұзынкөл ауылында 1941-1945 жж ҰОС–да «Отанымыздың бостандығы үшін қаза болған жерлестерімізге» қойылған обилеска – 1985 ж.

2. Оба – Мұратсай ауылынаң оң түстік–батысқа қарай 5 км Қодар қонысының оң-түстігіне қарай жолда–200 метр жерде орналасқан. Т.Н.Сенигова ашқан.

3. Қорым- Жаңа өрнек ауылынаң оңтүстік–батысқа қарай 1 км жерде орналасқан. 1953 жылы Т.Н.Сенигова ашқан. Қорым Мұратсай ауылынаң оңтүстік–батысқа қарай 1 км жерде орналасқан. Қорым Мұратсай ауылынан 8 км жерде, қодар қонысының оңтүстігіне қарай 1 км жерде орналасқан. 1971 жылы Г.А.Кушаев ашқан.

4.Әулие ата- Ғабдуллатип (Өтеш ата)–1889 жылы «Ленин жолы» колхозына қарасты «Қосай» көлінің маңында туған. Елге белгілі емші молла болған. 1978 жылы қайтыс болды.

Совхоз директорлары

- 1.Өтеғалиев Амангелді Шәкірұлы 1965-1981 жж.
- 2.Бірмұханбетов Зайыр Кибатұлы 1981-1988жж.
- 3.Бекесов Қадер Хасенұлы 1988-1993жж.
4. Әубәкіров Нұрғожа 1993-1994 жж.
5. Нұртаев Әділ Неғметоллаұлы 1995-2005 жж. ЖШС төрағасы.

1.Өтеғалиев Амангелді Шәкірұлы – 1938 жылы БҚО Жәнібек ауданында туған. 1955 жылы Алматы мал дәрігерлік зоотехникалық институтына түсіп, 1960 жылы үздік белгісімен қызыл дипломмен бітірген. 1960-1965 жылы Калинин атындағы совхозда бас мал дәрігер, ал 1965-1981 жылдары Ұзынкөл қой совхозында директор қызметін атқарған.Қазіргі кезде зейнеткер жаста.

Совхоз партия ұйымы хатшылары

1. Қабесов Нуфтығали 1965-1970 жж.
2. Атаев Асқар Қабдолұлы 1970-1979 жж.
3. Жалмурзин Сағидалла 1979-1982 жж.
4. Құсенов Памир 1982-1985 жж.
- 5.Мұсилов Канат 1985-1988 жж.
6. Ескендилов Мухит 1988-1992 жж.

Селолық Совет председателдері.

1. Бахтияров Алипкали 1963-1969 жж.
2. Ихсанова Сара Ғұбашқызы 1969-1972 жж.
3. Бахтияров Алипкали 1972-1974 жж.
4. Дауешов Жұмабай 1974-1979 жж.
5. Абдрешов Фазыл Абдрешұлы 1979-1987 жж.
- 6.Хайырлиева Шолпан 1987-1993 жж.

Округ әкімдері

1. Жиеналиев Әлібек Әбуұлы 1993-1994 жж.
2. Қадыралиев Хабиболла Бисенғалиұлы 1994-2005 жж.
3. Жапаков Сырымбек Мусалімұлы 2005-2007 жж.
4. Елемесов Нұрпейіс Ғаділұлы 2007-2012 жж.

5. Нұртаев Спартак Әділұлы 2012- 2013жж
6. Закарин Дулат Мақсотұлы 2013-2014жж
7. Бактығалиев Алтай Бактығалиевич 2014 ж

Кәсіподақ ұйымының төрағалары

1. Темиров Маху 1965-1973 жж.
2. Насиев Ғиылман 1973-1983 жж.
3. Хамзин Оразғали 1983-1994 жж.
4. Насиров Аязбай 1994-1995 жж.

№1 Ұзынкөл фермасы меңгерушілері

1. Габбасов Рамазан
2. Имантаев Ермек
3. Нургалиев Габбас
4. Дүйсенов Құмбай
5. Нұртаев Әділ 1977-1995 жж.

№2 Еңбекші фермасы меңгерушілері

1. Хажыгереев Табылған 1964-1980 жж.
2. Өтеғалиев Бурхан Закарияұлы 1980-1981жж.
3. Абдрахманов Ихсан 1982-1993 жж.

№3 Мұратсай фермасы меңгерушілері

1. Сүлейменов Құти 1965-1969 жж.
2. Есенғалиев Телағыс 1972-1980 жж.
3. Өтешов Серик 1980-1986 жж.
4. Жұмаев Әпет 1986-1991 жж.

Үкімет наградаларының иегерлері.

1. Абдрахманов Ихсан «Еңбектегі ерлігі үшін» және екі медалмен марапатталды.
2. Абдрахманова Баянсұлу – «Еңбек Қызыл Ту» ордені.
3. Бахтияров Алипкали - «Еңбектегі ерлігі үшін», «В.И. Ленин жүз жылдығына арналған», медалдары.
4. Бекесов Қадер – «Құрмет белгісі» ордені.
5. Фазезов Қанат – «Еңбектегі ерлігі үшін» медаль.
6. Гатауллин Мансұр – «Еңбек Қызыл Ту» ордені
7. Даулетов Фазез - «Еңбек Қызыл Ту», «ІІІ дәрежелі Еңбек даңқы» ордені.
8. Ешматов Даулет- «Құрмет белгісі» ордені.
9. Куанышкалиев Өтеген – «ІІІ дәрежелі Еңбек даңқы» ордені.
10. Куанышкалиев Неғмет- «Қазақ ССР мемлекеттік сыйлығының лауераты», «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі», «ІІ, ІІІ – дәрежелі Еңбек даңқы» ордендері.
11. Хажгереев Табылған - «Құрмет белгісі» ордені.
12. Мансуров Шалабай – «ІІІ дәрежелі Еңбек даңқы» ордені.
13. Нургалиев Халиолла – «Үздік еңбегі үшін» медаль.
14. Нұртаев Әділ – «Еңбектегі ерлігі үшін» медаль.
15. Рахимов Исатай – «ІІІ дәрежелі Еңбек даңқы» ордені.

- 16.Сармаев Бақтығали - «Құрмет белгісі» ордені.
- 17.Сисенғалиев Бақтығали - «Еңбек Қызыл Ту» ордені , «ВДНХ - ның қола, күміс, алтын» үш медалімен марапатталған.
- 18.Чурин Әлібек - «Еңбек Қызыл Ту» ордені.
19. Текебаев Социал – «ІІІ дәрежелі Еңбек даңқы» ордені.
20. Үмбеталиев Айболат – 1976 ж«Еңбектегі ерлігі үшін » медаль.

1. Абдрахманов Ихсан Ильясұлы- 1942 жылы Тау ауылы Жаңа тұрмыс деген жерде дүниеге келген. 1961 жылы 7 жылдық мектепті бітіріп шоферлық курс оқыған. 1962-1965 жылы армия қатарында болған. 1966 жылдан 1981 жылдын мамырына дейін малшы. 1981 жылы зоотехник болып істеген. 1982-1993 жылдар аралығында Еңбекші бөлімшесінде меңгеруші болып істеді. Малшы болған кезде еңбегі бағаланып «Еңбектегі ерлігі үшін» және екі медалмен марапатталған. Қазір Дарынскиде тұрып жатыр зейнеткер.

2. Абдрахманова Баянсұлу Жароллақызы- 1946 жылы дүниеге келген. 1966- 1981 жылдар аралығында көмекші малшы 1982-1988 жылдары көмекші есепші болып істеген. 1988-1993 жылдары клуб меңгерушісі болды. Қазір зейнеткерлік жаста. 1976 жылы март айында «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталған.

3. Бахтияров Алипқали – 1912 жылы 10 маусымда Казталов ауданы, Бірлік советінде дүниеге келген. Еңбекке жастайынан араласып, 1930 жылдан бері еңбекшілер депутаттары Талов, Ақоба, Ұзынкөл селолық, ауылдық Советі атқару комитетінің председателі болып жұмыс жасаған. 1940 жылдан КПС мүшесі. 13 ауылдық, 4 рет аудандық Совет депутаттығына сайланған. Еңбегі жоғары бағаланып және «В.И. Лениннің туғанына -100 жыл» толу құрметіне, «Еңбектегі ерлігі үшін» мерекелік медалімен марапатталған. 50 жыл бойы Совет, шаруашылық органдарында, үздіксіз еңбек етіп, құрметті демалысқа шыққан. Жанұясында 10 бала тәрбиелеп өсірген. 1991 жылы қайтыс болды.

4. Бекесов Қадер Хасенұлы – 1936 жылы 14 мамырда БҚО–да Орда ауданының Орда поселкесінде туған.

1972 жылы Жәнібек ауданындағы Жәнібек совхозына бастауыш партия ұйымының хатшысы, 1973 жылы Талов совхозының директоры болып тағайындалады. 1982 жылдан бастап Жәнібек аудандық атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары, Аудандық ауылшаруашылығының басқармасының бастығы болып қызмет атқарды. 1988-1994 жылдар аралығында ауданымыздың «Ұзынкөл» совхозында директор болып қызмет етті.

1994-1997 жылдары Жәнібек сақтандыру фирмасы филиалының директоры болды. Еңбектегі табыстары үшін «Құрмет белгісі» орденімен бірнеше медалдармен және құрмет грамоталарымен марапатталды, бірнеше рет аудандық партия комитетінің бюро мүшесі, аудандық атқару комитетінің депутаты болып сайланды. 1999 жылы қайтыс болды.

5. Ғазезов Қанат – 1948 жылы Ұзынкөл ауылында туған. Механизатор. Совхоз шаруашылығында К-700 маркалы қуатты тракторын айдаған. Еңбегі бағаланып 1980 жылы «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталады. 2008 жылы қайтыс болды.

6. Гатауллин Мансұр- 1889 жылы дүниеге келген. Шопан болып жұмыс істеп, еңбекте жоғары көрсеткіштерге жеткені үшін 1948 жылы «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталған. 1969 жылы қайтыс болған.

7. Даулетов Ғазез – 1939 жылы туған. Ұзақ жылдар совхоз шаруашылығында жылқы баққан. Еңбегі еленіп 1978 жылы «Еңбек Қызыл Ту» ордені, 1986 жылы «ІІІ дәрежелі Еңбек даңқы» орденін алған. 2004 жылы ауыр науқастан қайтыс болған.

8. Елеуова Ұлболсын- аға шопан. Көп жылдар Ұзынкөл өңірінде шопан болып қызмет істеген. Осы мерзім ішінде шаруашылық экономикасын өркендетуге үлес қосқаны үшін, «Еңбек Қызыл Ту» орденіне ие болып, грамоталарымен марапатталды.

9. Ешматов Даулет- 1938 жылы туған. Совхоз шаруашылығында ұзақ жылдар шоферлық қызмет атқарған. Жазғы науқан кездерінде комбайн айдаған. Еңбегі бағаланып «Құрмет белгісі» орденін алған. 1986 жылы ауыр науқастан қайтыс болған.

10. Қуанышқалиев Өтеген- 1940 жылы 10 қараша күні БҚО Жәнібек ауданы Ұзынкөл ауылдық кеңесінің Жаңа өрнек колхозында колхозшы Қуанышқали Мырзағалиев пен Жұматтың отбасында жарық дүниеге келген. Еңбек жолын 1957 жылдан бастаған. 1963 жылдан КПС мүшесі. Ұзынкөл совхозында аға шопан, аға малшы қызметтерін атқарған. 1974 жылы «Социалистік жарыстың жеңімпазы» белгісімен, 1974-1979 жылдары КСРО халық шаруашылық жетістігінің күміс медалдарымен, еңбегі бағаланып 1981 жылы «ІІІ дәрежелі Еңбек даңқы» орденімен марапатталған.

11. Қуанышқалиев Ниетқали- 1937 жылы Ұзынкөл ауылында туған. Ұзынкөл ауылында ұзақ жылдар шопан болып қызмет жасаған. 1971 жылы «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі», «ІІ ІІІ дәрежелі Еңбек даңқы» ордендерімен марапатталған. 1980 жылы Қазақ ССР ауылшаруашылығына еңбек сіңген қызметкер, ал 1980 жылы Қазақ ССР мемлекеттік сыйлығының лауреаты құрметті атақтарын алды. Осы жылдар ішінде «Ұзынкөл» совхозында Ниетқали Қуанышқалиевтің өзіндік мектебі қалыптасты. Зайыбы – Шайдапай қалыспай еңбек етіп, көп бала өсірген батыр ана. 1998 жылы ауыр науқастан қайтыс болды.

12. Қажгереев Табылған Қажығалиұлы - 1928 жылы БҚО Орда ауданы, Теректі ауыл советінде дүниеге келген. 1943 жылы жеті жылдық білім алып, Жетібай ауыл советінде 1944-1956 жылға дейін байланыс бөлімінің бастығы, 1956-1957 жылы Жәнібек ауданының «Большевик» колхозында партия ұйымының секретары болған. 1957-1965 жылға дейін бригадир животновод болып жұмыс жасаған. 1965-1980 жылдар аралығында Ұзынкөл қой совхозы №2 Еңбекші бөлімшесінде ферма меңгерушісі, 1980-1983 жылдары Ұзынкөл совхозы директорының шаруашылық жөніндегі директоры болып жұмыс жасаған. Жұмыс істеген кездерінде ферма бойынша төл алу, егін егу, шөп шабу, жалпы бөлімше еңбеккерлерінің жұмыс көрсеткіштері жоғары деңгейде болған. 1970 жылы «В.И. Лениннің-100 жылдығына арналған» медаль, 1973 жылы «Социалистік жарыстың жеңімпазы» белгісі, 1975 жылы «Құрмет белгісі» орденімен марапатталады. 1952-1984 жылға дейін партия мүшесі болған. 1984 жылы ауыр науқастан қайтыс болған.

13. Мансуров Шалабай (Әуіп) Аюнович– 1941 жылы 20 желтоқсанда Саратов облысы Ровенский ауданы Привальжеский ауылында дүниеге келген. 13 жастан

жұмысқа араласып әр түрлі жұмыс істеген. 1957-1959 жылдары Баланово қаласында училищеде оқыған мамандығы «Механизация сельского хозяйства» Саратов облысында жұмыс жасаған. 1959-1964 жылдары Украинада әскер қатарында Владивостокта «Танкист наводчик», запас гвардий ефрейтер болған. 1964 жылы Жәнібек ауданында пошта қызметкері (отдел секретный) құпия бөлімінде 1966 жылы Ұзынкөл совхозы құрылғанда комсомол жолдамамен маман (кадр ретінде) тракторист комбайнер ретінде жұмысқа келді. 1966 жылы жанұя құрып Еңбекші ауылына көшіп келді. 1966-1982 жылға дейін Еңбекші елді мекенінде жұмыс істеді. 1982-1987 жылдары Муратсай елді мекенінде бригадир тракторист болып істеген. 1987-1991 жылдары «Орашаем» бригадасында бригадир болған.

1991-2000 жылдары Ұзынкөл ауылында әр түрлі еңбекке араласты. 1977 жылы «Ударник коммунистического труда», 1980 жылы «Победитель соцсоревнования 80 года» төс белгісімен марапатталды. 1981 жылы 19 ақпанда «III дәрежелі Еңбек даңқы» орденімен №502419 марапатталды. 1996 жылдан бастап 55 жастан бір жерде жұмыс істегендігінең зейнетке шыққан. Қазіргі таңда Орал облысы Зеленов ауданы Достық ауылында тұрып жатыр.

14. Нурғалиев Халиолла – 1938 жылы Ұзынкөл ауылында туған. Жастайынан еңбекке араласып, механизатор мамандығын игерген. Совхоз шаруашылығында ұзақ жылдар механизатор болып еңбек еткен. Еңбегі бағаланып, 1973 жылы «Үздік еңбегі үшін», 1974 жылы «Үздік еңбегі үшін», «В.И. Лениннің 100 жылдығы» медалімен, 1975 жылы «Социалистік жарыс жеңімпазы» белгісін алған. 1997 жылы ауыр науқастан қайтыс болған.

15. Нұртаев Әділ - 1945 жылы Ұзынкөл ауылында туған. Білімі арнаулы орта зоотехник. 1964-1974 жылдары шофер, 1974-1977 жылы автогараж меңгерушісі, 1977-1995 жылдары №1 бөлімше меңгерушісі, 1995-2005 жылы совхоз директор, ЖШС төрағасы. Еңбегі бағаланып «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталған.

16. Рахимов Исатай - 1937 жылы Бисен ауылының Жетібай ауылдық советінде дүниеге келген. 1954 жылы Орда ауданындағы ауылшаруашылық механикаландыру мамандығы тәмамдап тракторшы мамандығын алды. Совхоз шаруашылығында ұзақ жылдар механизатор болып жұмыс жасаған. Еңбегі бағаланып «III дәрежелі Еңбек даңқы» орденімен марапатталған. Қазіргі уақытта зейнеткерлік жаста.

17. Сармаев Бақтығали- 1939 жылы Ұзынкөл ауылында дүниеге келген. Мамандығы шофер және механизатор. Шофер болып жүріп, жазғы егін ору науқанында комбайн руліне отырып науқан жұмысына араласып еңбек еткен. Егін ору кезінде өзінің күндік нормасын асыра орындап отырған. Еңбегі бағаланып, 1982 жылы «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған. 1999 жылы ауыр науқастан қайтыс болған.

18. Сисенғалиев Бактығали – 1940 жылы туған. 1957 жылдан бастап еңбек жолын Ұзынкөл ауылында аға малшы болып қызмет жасаған. Ерен еңбегі бағаланып, 1978 жылы «Еңбек Қызыл Ту» ордені, «ВДНХ – ның қола, күміс, алтын» үш медалімен марапатталған, сол жылы ВДНХ – ның сыйлығы «Москвич» машинасын тегін берген. 1990 жылы Ұзынкөл ауылының «Құрметті азаматы» атағы берілді. 2002 ауыр науқастан қайтыс болды.

19. Үмбеталиев Айболат – 1948 жылы Ұзынкөл ауылында дүниеге келген. Совхоз шаруашылығында ұзақ жылдар шофер болып жұмыс жасаған. Еңбегі бағаланып 1976 жылы «Еңбектегі ерлігі үшін» медаль, 1977 жылы «Социалистік жарыс жеңімпазы» белгілерімен марапатталған. 2006 жылы дүниеден озды.

20. Текебаев Социал – 1939 жылы Орда ауданында туған. 1964 жылы №2 Еңбекші бөлімшесінде механизатор болып қызмет еткен. Еңбегі еленіп «ІІІ дәрежелі Еңбек даңқы» орденімен марапатталған.

21. Чурин Әлібек – 1949 жылы Ұзынкөл ауылында туған. 1967 жылы СПТУ–дың механизаторлық курсы бітірген. 1970 жылдан совхозда трактарист болып қызмет атқарып, еңбегі үшін «Социалистік жарыс жеңімпазы» белгісімен, 1980 жылы ерен еңбегі үшін «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталды. 1997 жылға дейін К-700 трактор бригадасының бригадирі болып қызмет атқарды. Қазір зейнеткерлік жаста.

Елге таңылған азаматтар.

1.Абуханов Ғабдрахим-1912 жылы Жәнібек ауданы, Ұзынкөл ауылында дүниеге келген. 1939 жылы Орал педагогикалық институтын бітіріп, осы оқу орнының оқытушысы болған. Қазақстан жоғары мектебіне еңбек сіңірген қызметкер, бес рет қайта басылған «Қазақ тілі» оқулығының авторы. Орал педагогикалық институтында кафедра меңгерушісі, медалдармен, ордендермен марапатталған.

2. Бапахов Ғалихан Айдынғалиұлы-1949 жылы БҚО Жәнібек ауданы Ұзынкөл совхозында дүниеге келген. 1978 жылы Қазақ Мемлекеттік университетінің Заң факультетін бітіріп шыққан. Қазіргі уақытта Астанада жоғарғы сотта жұмыс жасайды, әскер алқасының соты, әскери шені-полковник. СССР және Қазақстанның Республикасының бес медалімен марапатталған.

3. Сағатов Мансұр - 1939 жылы Жәнібек ауданы, Ұзынкөл ауылында дүниеге келген. Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері. 1963 жылы Алматы консерваториясының композициялық факультетін бітірді. 1974-1986 жылы Қазақ ССР Мәдениет министрлігінің репертуарлық коллегиясында қызмет істеді. 1977 жылдан Алматы консерваториясында ұстаздық еткен. Туындылары қазақ музыка өнерінде елеулі орын алады. Көптеген спектакльдер мен фильмдерге музыка жазды. Композитордың үлкен баласы «Үркер» тобында жеке орындаушы.

4. Сисемалиев Ғұсман-1909 жылы Жәнібек ауданының Ұзынкөл ауыл советінде туған. 1933-1938 жылдары Алматы медицина институтын оқып бітірген. 1938 жылы Орал облысы, Тайпақ ауданының Қаракөл ауылдық советіндегі аурухана меңгерушісі болып жұмыс жасап, 1941 жылдан 1946 жылға дейін Совет армиясының қатарында болған. 1946 жылы Зеленов ауданы аудандық денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі, 1947-1949 жылдары Чапаев ауданындағы Аңқаты ауруханасының меңгерушісі, 1949-1955 жылдары облыстық өкпе ауруын емдейтін аурухана меңгерушісі, 1955 жылдан өмірінің соңына дейін Жәнібек ауданындағы өкпе ауруын емдейтін аурухананың меңгерушісі және осы ауруханада емдеуші дәрігер болып жұмыс жасаған. Ғ.Сисемалиевтің көп жылдар бойғы денсаулық сақтау ісіне сіңірген еңбегі жоғары бағаланып, «Ленин» орденімен, бірнеше медалдармен, құрмет грамоталарымен марапатталды. 1966 жылы Ғ.Сисемалиевке Қазақ ССР-ына еңбегі сіңген дәрігер атағы берілген.